**"Менің әкем- ең жақсы адам"**

Мектебімізде балалар жылы аясында отбасы институтын қалыптастыру және әке тәрбиесінің рөлін арттыру мақсатында "Менің әкем- ең жақсы адам" тақырыбында "Өнерлі әке" қалалық байқауының мектепішілік кезеңіне қатысқан әкелерді марапаттау шарасы өткізілді. Бұл шараға мектепішілік әкелер клубының мүшелері, мектеп әкімшілігі, ұстаздар қатысты.Шара барысында мектепішілік мәнерлеп оқу үйірмесінің мүшелері әкелерге өз жырларын тарту етті. "Әке тәрбиесі қандай болу керек?" тақырыбында мектеп тренері Тілешева Зулфия Ермекбайқызының ұйымдастырған коучинг жұмысына әкелер белсенді қатысып, өз ойларын ортаға салды. Шара соңында байқауға қатысып, жұмыстарын ұсынған әкелерге мектеп директоры Ж.Терекова алғыс хат табыстады









**Әкелермен кездесу**

**Күн тәртібінде:**

1. **«Әке –асқар тау» алғысөз**

***Мектеп директоры –И.Б.Амитжанова***

**2. «Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың көрсеткіші»**

Кәмелеттік жасқа толмағандардың ісі жөніндегі учаскелікполиция инспекторы- С.С.Ахметжан

**3. «Қазіргі кездегі әкенің рөлі қандай болуы керек?»**

Әкелер клубының жетекшісі- С.А.Бектенгалиев

4. **«Жасөспірімдерге патриоттық тәрбие берудегі әкенің рөлі»**

«Қаһарман» әскери-патриоттық клуб жетекшісі – Қ.Т.Жұбатыров

***5.* «Әкелерге психологиялық кеңес» тренинг**

Мектеп психологтары

**Әкелер клубының конференциясы**

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай мектебімізде әкелер конференциясы өткізілді. Конференцияға мектепішілік қамқоршылық кеңесінің мүшесі Қ. Баянов, әкелер клубының жетекшісі С. Бектенгалиев, мектеп инспекторы А. Қонысова, "Қаһарман" әскери - патриоттық клубының жетекшісі Қ.Жұбатыров қатысып, өз ойларын ортаға салды.

Әр отбасындағы әкенің рөлі ерекше. Әке – отбасының тірегі, қамқоршысы. Әкенің мінез - құлқы, өзгелермен қарым - қатынасы, өнері мен білімі – баланың көз алдындағы үлгі - өнеге алатын, оған қарап өсетін нысанасы.

Ер баланың өсіп, жетіліп, өз алдына жеке тұлға болып қалыптасуында, қоғамдағы өз орнын дұрыс таба білуінде әкенің атқаратын еңбегі ерекше. Шаңырақтың темірқазығы -әкенің рөлі,
бала бойындағы тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруда әкенің рөлі жоғары екенін насихаттау мақсатында ұйымдастырылған конференцияны мектеп директоры Ж.Терекова ашып, әкелерге алғысын айтты. Конференция барлық санитарлық талаптар сақтала отырып ұйымдастырылды.
























